

Кульбекова Б.Р.

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.,
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: kulbekova59@mail.ru

**ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ
КӘСІБИ ДАЯРЛАУДЫҢ
ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Бұл мақалада әлеуметтік педагог пен қызметкерлері даярлаудың теориялық негіздері қарастырылған. Бұл мақала тек шолу үшін арналған. Қазақстан Республикасы мен Ұлыбританиядағы әлеуметтік педагогтер мен қызметкерлерді даярлаудың ерекшеліктері мәселесін зерттеуде негізгі бағдарламасын теориялық тұрғыдан анықталған. Объективті алғышарттар мен қажеттіліктер мәселесі саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, рухани-құндылықтық негіздері мен өзектілігінен тұрады. Зерттеудің әдіснамасы мен теориялық негіздерінің ұстанымдары анықталған. Қазақстандағы жүргізілген зерттеулер төмендегідей топтастырылды: 1) салыстырмалы педагогиканың теориялық ұстанымдарын негіздеген зерттеулер; 2) Қазақстан мен шет елдердің білім беру жүйесін салыстыра зерттеген еңбектер; 3) білім беру жүйесіндегі әлеуметтік сала мамандарын жоғары оқу орындарында дайындау бойынша құрылған арнайы зерттеулер; 4) тек қана шет елдердегі білім беру жүйесін зерттеп, ондағы озық тәжірибелерді еліміздің білім жүйесіне енгізу жолдарын ұсынған ғылыми зерттеулер.

Шет елдегі білім беру жүйесін зерттеп, ондағы озық тәжірибелерді еліміздің білім беру жүйесіне енгізу жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: әлеуметтік педагог, әлеуметтік жұмыс, әлеуметтік педагогика, іс-әрекет, әлеуметтік қызметкер, әдіснама, тәрбие, индивидуалистік педагогика.

Kulbekova B.

Candidate of Pedagogical Sciences, Acting assistant professor,
Egyptian University of Islamic Culture "Nur-Mubarak",
Kazakhstan, Almaty, e-mail: kulbekova59@mail.ru

**Theoretical Foundations
of Professional Training for Social Workers**

This article considers the theoretical basis for training of social educators and workers. This article is for review only. The main program for studying the problem of teaching specifics on social pedagogues and workers in the Republic of Kazakhstan and Great Britain was examined from the theoretical point of view. The author identifies 4 vectors of study on this topic: 1) analysis of research, based on the theory and principles of comparative pedagogy; 2) comparative studies of the education system of Kazakhstan and foreign countries; 3) specialized studies of the training for professional social teachers and social workers in higher education institutions; 4) researches that study the education system abroad and introduce the best practices in the education system of the country. The objective background for the study is political, economic, socio-cultural problems affecting the spiritual values of society. To study the experience of the study, it is intended to analyze the comparison of studies and its results for a scientific and theoretical justification in addition to undesirable aspects. Here the ways of education system studying abroad and the introduction of best practices in the country's education system are examined. In conclusion, there kept under review the methodology and theoretical bases of study, method of comparison, as well as research of domestic scientists on this issue and general theoretical bases of the socio-pedagogical process, moreover analyzing the training of social workers and teachers, social pedagogy, social

work, activities, concepts and definitions in social pedagogical profession in the UK and Kazakhstan.

Key words: social educators, social work, social pedagogy, social worker, methodology, education, individualistic pedagogy.

Кульбекова Б.Р.

кандидат педагогических наук, и.о. доцента,
Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: kulbekova59@mail.ru

Теоретические основы профессиональной подготовки социальных работников

В статье рассматриваются теоретические основы обучения социальных педагогов и социальных работников в сравнительном аспекте. Статья носит обзорный характер. Автор выделяет 4 вектора изучения по данной тематике: 1) анализ исследований на основе теории и принципов сравнительной педагогики; 2) сравнительные исследования системы образования Казахстана и зарубежных стран; 3) специализированные исследования подготовки профессиональных социальных педагогов и работников в социальной сфере в высших учебных заведениях; 4) научные исследования, которые изучают систему образования за рубежом и внедряют лучшие практики в систему образования страны. Профессиональная подготовка социальных педагогов и социальных работников в Республике Казахстан и Великобритании рассмотрены с теоретической точки зрения, акцентировано внимание на специфике подготовки. Объективными предпосылками изучения являются политические, экономические, социально-культурные проблемы, влияющие на духовные ценности общества. В статье на основе сравнения проведен обзор казахстанских и российских исследований и концепций социальной и педагогической профессий в Великобритании и Казахстане. Показаны основные различия в профессиях. Автор считает, что «социальный работник – это посредник, который координирует взаимоотношения между субъектом и микро-, макро-мезосредой, защищая права субъектов, нуждающихся в социальной и психологической помощи в обществе».

Ключевые слова: социальный педагог, социальная работа, социальная педагогика, социальный работник, методология, образование, индивидуалистическая педагогика.

Кіріспе

Әлемдік жаһандану құбылысы бәсекелестік пен оған төтеп беруді, мемкекеттік пен тәуелсіздікті нығайтуды талап ететін объективті үрдіс болғандықтан, Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «бәсекеге қабілетті ұлт» идеясын паш етті. Осы орайда, қарастырып отырған негізгі мәселеге қатысты салыстырмалы педагогика ілімі де білім беру жүйесіндегі бәсекеге қабілеттіліктің негіздерін қалайтын басты арна. Сондықтан бүгінгі таңда еліміздің бәсекеге қабілеттілігін шыңдаудың рухани саладағы басты қызметтерінің бірі – Қазақстандағы білім беру жүйесін әлемдік деңгейдегі білім беру жүйесіне орайластыру мен озық тәжірибелерді игеру болмақ. Бұл мәселенің теориялық және практикалық қырларын зерделеп, нақты ұсыныстар мен жобалар беру салыстырмалы педагогиканың негізгі міндеттерінің бірі.

Зерттеудің мақсаты – әлемде және Қазақстанда әлеуметтік қызметкерлер мен әлеуметтік педагогтарды даярлауға аналитикалық шолу мен салыстырмасы.

Зерттеудің әдіснамасы және әдістері

Салыстырмалы педагогиканың оқу пәні ретіндегі негізгі міндеттерін атап өткен Г.Қ. Нұрғалиева, А.Қ. Құсайынов, Қ.С. Мусин сынды отандық педагог ғалымдарымыз: «шетел тәжірибесінің элементтерін еліміздің білім беру жүйесіне тасымалдаудың мүмкіндіктері мен жолдарын анықтау: қазақстандық білім беру жүйесін дүниежүзілік және еуропалық білім беру жүйелерімен ұштастыру шараларын қарастыруды» да басты ұстаным ретінде бағдарлайды (Кенесарина, 2000) [1]. Және оны зерттеу әдістерінің жүйесінде көрсетілген «білім беру саласындағы мемлекет саясатына» (Ү. Брикман, Р. Хавигхрест, Дж. Берейдей) қатыстылығы да осының айғағы. Осы ұстанымдарға сүйене отырып, Қазақстан Республикасы мен Ұлыбританиядағы әлеуметтік педагогтер мен қызметкерлерді дайындаудың ерекшеліктері мәселесін зерттеуде біз өзіміздің негізгі бағдарымызды теориялық тұрғыдан былайша анықтап аламыз:

1) объективті алғышарттар мен қажеттіліктер;
2) зерттеудің әдіснамасы мен теориялық негіздері;

3) әлеуметтік педагог және әлеуметтік қызметкер үдерісін жалпы теориялық тұрғыдан анықтау;

4) салыстыру әдісін негізге алу;

5) тарихинамалық тәсілді қолдану немесе зерттеулерді салыстыру;

6) әлеуметтік педагог және әлеуметтік қызметкер үдерісін жалпы теориялық тұрғыдан анықтау: әлеуметтік педагогика – әлеуметтік педагог – әлеуметтік жұмыс.

Осы тұста біз зерттеулерімізде салыстырмалы педагогиканың орталық түсінігі және тәсілі ретінде – салыстыру әдісін басшылыққа аламыз. Осы салыстыруды басшылыққа ала отырып, біздің зерттеуіміз бойынша, логикалық операциялар арқылы өтуі тиіс мынандай кезеңдердің тізбегін шартты түрде құрастырдық: «ұқсату – сәйкестендіру – тұтастандыру – ажырату – айырмашылықты табу – іріктеу – сыни – қолдану». Алдымен, Ұлыбританиядағы жоғары білім беру жүйесіндегі әлеуметтік педагогтар мен қызметкерлерді даярлау үдерісін өзіміздің зерттеу объектімізге ұқсата отырып таңдап аламыз. Демек, зерттеу объектімізге қатыссыз, ұқсамайтын объектілерді назардан тыс қалдырамыз. Ұлыбританиядағы осы алынған мәліметтерді Қазақстандағы осы сала бойынша сәйкестендіріп қарауымыз қажет. Себебі, білім беру жүйесі, қоғамдағы әлеуметтік қызметке қажеттілік пен әлеуметтік педагогтің заман талабына сай сұранысы белгілі бір тұтастық жүйесін құрайды. Салыстыру барысында, білім беру жүйесінде оқу бағдарламалары, жалпы оқыту үдерісі, әдіс-тәсілдері біртұтас екендігі сөзсіз. Дегенмен, олар бір-біріне тура сәйкес емес, әрбір мемлекеттің құрылымы, оның ішінде білім беру жүйесі өз алдына дербес даму бағыттарын ұстанады. Ол ерекшеліктерді ажыратуды қажет етеді. Ажырату тек қана екі елдегі жүйелердің екі басқа екенін танумен шектелмеуі тиіс, сондықтан айырмашылықтарды көре біліп, оларды тізіп, жүйелеп шығу қажет. Одан кейінгі логикалық операция – іріктеу.

Әдебиетті шолу

Объективті алғышарттар мен қажеттіліктер зерттеудің саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, рухани-құндылықтылық негіздері мен өзектілігінен тұрады. Алғышарт зерттеу мәселесіне қатысты қоғамдағы, әлеуметтік

ортадағы қолдау мүмкіндіктері мен оның қолдаушы түрткілері ретінде жан-жақты сипат алады. Жоғарыда атап өткен, қазіргі заманғы адамзат қоғамы мен біздің мемлекетіміздегі әлеуметтік үдерістер мынандай алғышарттарды туындатып отыр: жаһандану үрдісі, еліміздің саяси ұстанымы, әлемдік мәдени-рухани қарым-қатынас т.б. Әлемдік объективті жалпы адамзаттық жаһандану үрдісі дүниежүзілік рухани кеңістікке ену үшін, алдымен, оның хал-ахуалын бағдарлап алуды қажет етеді, екіншіден, ұлттық ерекшеліктерімізді, болмысымызды сақтап қалу үшін оның тиімсіз жақтарын алдын ала анықтау керек. Осы тұста шет елдердегі білім беру үдерістерін зерттеу қажеттілігі туындаса, біз Ұлыбритания мемлекетін зерттедік. Жоғарыда атап өткен мемлекетіміз ұстанып отырған «бәсекеге қабілеттілік» саясаты үшін де ең алдымен, шет елдердегі білім беру жүйесін зерттеу, оның тиімді жақтарын қазақстандық білім беру жүйесіне енгізіп, бәсекеге қабілетті ұрпақ дайындап шығару: «теория – практика – нәтиже» құрылымын түзеді. Шындығында, бәсекеге қабілеттілік тек бүгіннің ғана емес, болашақтың стратегиясын қамтитын маңызды мәселе. Бәсекеге қабілетті ұрпақ дайындау, әсіресе, педагогиканың басты міндеті. Осы міндетті шешудің ғылыми-әлеуметтік тетіктерінің бірі – шет елдің озық тәжірибесін зерттеу. Олай болса, қарастырып отырған мәселе, осы міндеттерді шешу бойынша Ұлыбританиядағы білім беру жүйесін зерттеуге және Қазақстанмен салыстыруға келіп тоғысады. Әлемдік мәдени-рухани қарым-қатынас мәдениеттер сұхбаттастығына келіп түйіседі. Ол қазіргі заманғы ашық және азаматтық қоғам жүйесінде: рухани тәжірибелердің алмасуын, озық үлгілерді қабылдау мен ескірген жүйелерді жоққа шығаруды, көлденең мәдени қарым-қатынасты қамтамасыз етуді негіздейді. Демек, бұл үдеріс дамудың объективті қажеттіліктерінен туындайтын ерікті-еріксіз құбылыс. Осыған орай білім беру жүйесі де бұл құбылыстан тыс қалмақ емес. Сондықтан қарастырып отырған салыстырмалы-педагогикалық талдау мәдениеттер сұхбаттастығының талаптарына жауап беретін, тіпті шартты түрде міндеттелген қызмет.

Зерттеудің теориялық негіздері

Кез келген ғылыми зерттеу еңбек алдымен өзінің теориялық негіздері мен ұстанымдарын анықтап алуы қажет. Ғалым-компаративист

М.А. Жюльен (1775-1845) салыстырмалы педагогиканы ғылыми тұрғыдан дәйектеп, негізін қалаған еді. Зерттеу жұмысымызда осы ғалымның зерттеулерін әдіснамалық-салыстырмалы педагогика тұрғысынан пайдаландық. Н. Хэнстің «Салыстырмалы педагогика», П. Сандифордың «Салыстырмалы педагогика» (Sandiford, 1929) [2], Л. Кенделдің «Салыстырмалы педагогика саласындағы зерттеулер» (Кендел, 1970) [3], Берeday «Салыстырмалы педагогика» (Bereday, 1964) [4] деп аталған, классикалық үлгіге айналған теориялық-салыстырмалы зерттеулері. Осы орайда, біз салыстырмалы педагогиканы Қазақстанда дамыту үшін негізделген және әдіснамалық-теориялық негізін құрған педагог ғалымдарымыздың еңбектеріне сүйенеміз. Салыстырмалы педагогиканы зерттеудің әдіснамасы мен теориясын, басты қағидалары мен ұстанымдарын ұсынған А.Қ. Құсайынов пен М.Т. Есеева бағытқа байланысты салыстырудың үш түрін және бинарлы позицияны атап көрсетеді (Құсайынов & Есеева, 2008) [5].

Демек, бұл сала бойынша Қазақстанда бар, Ұлыбританияда жоқ және керісінше белгілерді іріктеу қажет. Таңдау негізінде анықталған: іріктелген айырмашылықтардың Қазақстанға тиімділігі-тиімсіздігі, пайдалылығы-зияндылығы, қажеттігі-қажетсіздігі, біздің мүддемізге сәйкестігі-сәйкессіздігін ашып алу үшін сыни көзқарас қажет. Себебі, шет мемлекеттердегінің, Европалық стандарттардың бәрі тұтастай тиімді, оны түгелімен көшіріп алу керек деген түсінік тұмауы тиіс, шетелдік тәжірибені сол күйінде қолдану мүмкін емес. Себебі, күнделікті тұрмыстағы, дәстүрдегі, діни, психологиялық айырмашылықтар ескерілуі тиіс, – дейді социолог ғалымдар. Осы сыни тұрғыдан іріктелген, талқыланды, тиімділігі дәйектелген жүйелермен ғана біз Қазақстан жағдайында қолдануымызға болады. Демек, салыстыру операциясының нәтижесі – тәжірибелік деңгейде қолдану болып табылады. Тарихнамалық тәсілді қолдану немесе зерттеулерді салыстыру алдымен, зерттеудің тәжірибесін пайдалану үшін, екіншіден, ол зерттеулердегі қарастырылмай қалған қырларын толықтыру үшін, зерттеу нәтижемізді ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу үшін қажет. Жоғарыда атап көрсетілген, объективті қажеттіліктер шартты туындағаннан кейін, салыстырмалы педагогика ілімі өркендеп, еліміздегі білім беру жүйесін әр түрлі мемлекеттермен салыстыру соңғы жылдары көптеп орын алуда.

Сондықтан шет елдермен Қазақстандағы білім беру жүйесін салыстырған қазақстандық

ғалымдардың зерттеу еңбектеріне сараптама жасап алып, зерттеу жұмысымызды тиянақтай түсуіміз қажет. Осыған байланысты өзімізге қажетті ұстанымдар мен қағидаларды таңдап ала аламыз.

Нәтежелер

Қазақстандағы жүргізілген зерттеулер төмендегідей топтастырылды:

1) салыстырмалы педагогиканың теориялық ұстанымдарын негіздеген зерттеулер;

2) Қазақстан мен шет елдердің білім беру жүйесін салыстыра зерттеген еңбектер;

3) білім беру жүйесіндегі әлеуметтік сала мамандарын жоғары оқу орындарында дайындау бойынша құрылған арнайы зерттеулер;

4) тек қана шет елдердегі білім беру жүйесін зерттеп, ондағы озық тәжірибелерді еліміздің білім жүйесіне енгізу жолдарын ұсынған ғылыми зерттеулер.

Бірінші топқа – Г.Қ. Нұрғалиева, А.Қ. Құсайынов, Қ.С. Мусин сынды ғалымдарымыздың «Салыстырмалы педагогика» атты еңбегі бойынша зерттеу жұмыстарын атап көрсетуімізге болады. Олар салыстырмалы педагогиканың пәні, міндеттері, тарихи даму кезеңдері, қызметтері, негізгі категориялары және әдіснамасының негізгі категориялары, әдіснамалық қағидалары, зерттеу тәсілдері, құрылымы, ғылыми аппараты т.б. жалпы теориялық ұстанымдарды ұсынған болатын. Сондай-ақ Германия мен Қазақстан мектептеріндегі тәрбие мазмұнының этнопедагогикалық негіздерін салыстырмалы зерттеу және жалпы салыстырмалы этнопедагогиканың әдістемелік негіздерін нақтылау бойынша жүргізілген К.Ж. Қожахметованың (Қожахметова, 1995) [6] идеялары да жалпы теориялық ұстанымдарды бағдарлайтын туынды.

Екінші топ бойынша, бұл бағытта әлеуметтік сала мамандарды кәсіби сала үшін мамандарды кәсіби даярлауға қатысты тұжырымдамаларға жасалған талдаулар тұлғалық, академиялық, әлеуметтік даярлау мәселелерін түрлі бағытта қарастырған зерттеулер де бар. Мәселен, қазақстандық ғалым С.С. Досанова әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің мақсаты, жұмыс істеп жатқан жүйені мәдени бағыттылық тұжырымдамасы бойынша жетілдіру қажет деп есептейді (Досанова, 2006) [7]. Болашақ әлеуметтік педагогтерді қиын балалармен жұмыс жасауға даярлаудың ерекшеліктері туралы зерделеуші ғалым-педагог Ш.Ж. Колумбаеваның еңбегін атап өтуге бо-

лады. Аталған зерттеуде болашақ әлеуметтік педагогтерді қиын балалармен жұмыс жасауға кезеңдік дайындаудың мазмұны мен әдістерін тұжырымдаған (Колумбаева, 2000) [8]. М.Т. Баймұханова студенттердің отбасын қалыптастыру жұмысына болашақ әлеуметтік педагогтерді даярлаудың ғылыми негіздері деген еңбегінде осы мәселенің теориялық және жүргізілген эксперименттік жұмыс қорытындыларының нәтижелерін баяндаған. Болашақ әлеуметтік педагогтерді даярлаудағы педагогикалық үдеріс мәнін ашып көрсеткен. Бұл жұмыста ғалым әлеуметтік педагогтың студенттердің отбасылық өмірін қалыптастыру іс-әрекеті мазмұны мен моделін негіздеген. Бұл еңбекте автор әлеуметтік педагогтың отбасымен жұмыс істеуге даярлаудың озық педагогикалық тәжірибелері мен ғылыми әдістемелік мүмкіндіктерін қарастырған. Зерттеушінің ғылыми жұмысындағы жаңалықтарының бірі болашақ әлеуметтік педагогтерді даярлаудың әдістемесі құрастырылып енгізілген (Бурганова, 2001) [9]. Әлеуметтік педагогика саласын ғылыми тұрғыдан нақтылаушы ғалымдар жастарға қоршаған қоғамдық орта ықпалын зор екендігін еңбектерінде айрықша атап көрсетеді. Р.И. Бурганова диссертациялық еңбегін студент жастардың мәдени бос уақытын өткізетін аймақтағы жұмысқа әлеуметтік педагогтерді дайындаудың ғылыми негіздерін айқындауға арнады.

Атымаш зерттеуде «бос уақыт», «мәдени бос уақыт», «мәдени бос уақыт аймағындағы іс-әрекет» ұғымдарының мәнін ашып көрсеткен. Зерттеу тақырыбы бойынша әлеуметтік педагогтерді дайындау тұтас кезеңде педагогикалық үдеріс кезінде қалыптасатындығы дәлелденген. Ол әлеуметтік педагог мәдени бос уақытты өткізуді ұйымдастырушы ретіндегі келбетін айқындаса (Халитова, 2006) [10], әлеуметтік педагогика саласындағы зерттеулер білім беру мекемелеріндегі балалар мәселесіне де бағытталуы тиістілігін, әлеуметтік-проблемалық топтарға кіретін балалар, жасөспірімдер, жастар мәселелерін зерттеу де қажеттігін нысанаға ала отырып, мүмкіндігі шектеулі балалары бар жанұялармен істелетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыс мәселесінің теориялық және практикалық жақтарымен айналысқан К.Ш. Кумаржанова (Кумаржанова, 2003) [11] алдымен «типтік емес», «мүмкіндігі шектеулі балалар ұғымдарының» мәнін ашып көрсетіп, олармен жұмыс жасауды жүйелі-комплексі тұрғы позициясынан бағдарлап шығарады. Қоғамдағы жағдайларға

шолю жасай келе, әлеуметтік қызметкердің атқаратын жұмыс арнасының өзектілігін және оны дайындаудың маңыздылығы жөнінде ой түйіндейді. Қазақстанда бұрын әлеуметтік педагог мамандарын даярлау мәселесі жүйелі түрде жүзеге асырылмады. Елімізде тәуелсіздік алған кезеңнен бастап әлеуметтік педагогика, әлеуметтік жұмыс мәселелері туындауы осы саладағы қызметкерлерді дайындаудың қажеттігін арттыра түскен еді. 1999 жылы жалпы білім беретін орта мектептерде әлеуметтік педагог қызметін ендіру жағдайы қолға алына бастады. Сол уақытта әлеуметтік педагогтер орта мектеп жағдайына аса қажетті болғанмен елімізде барлық оқу-тәрбие мекемелерін әлеуметтік педагогтермен қамтамасыз ету мүмкін болмады. Сондықтан да әлеуметтік педагогтың қызметін мектеп мұғалімдері атқарды. Осы орайда зерттеуші Г.Ж. Меңлібекова ғылыми жұмысын болашақ мұғалімдерді әлеуметтік педагогикалық жұмысқа арнады. Зерттеуде болашақ мұғалімдердің әлеуметтік педагогикалық қызметке даярлаудың ғылыми-әдіснамалық негіздері, әлеуметтік педагогикалық жұмыстың мәні мен құрылымы қарастырылған. Болашақ мұғалімдердің әлеуметтік педагогикалық қызметке даярлаудың диагностикасы мен үлгісін айқындап, оны педагогикалық эксперимент бойынша дәйектеген Л.Т. Қожамқұлованың пікірінше, әлеуметтік жұмыс мәселесі әлеуметтік жұмыс теориясының зерттеу нысанымен байланысты іс-әрекеттің бір түрі. Оларға әлеуметтану, әлеуметтік көмек, әлеуметтік қолдау, әлеуметтік реабилитация, әлеуметтік түзету, әлеуметтік бейімделу, әлеуметтік қорғау сияқты бір топ кешенді әлеуметтік байланыстарды жатқызуға болатындығын әлеуметтанулық тұрғыдан негіздеп, әрқайсысына жеке-жеке талдаулар жүргізеді. Адамның өмірлік күшін нығайту позициясы тұрғысынан Қазақстан халқын әлеуметтік қорғаудың жаңа моделін, әлеуметтік жұмысқа филантроптық тұрғынының негізгі қағидаларын дайындап шығарды. Қазақстандағы әлеуметтік педагогиканың әдіснамалық, теориялық және практикалық негіздерін ғалым І.Р. Халитова «Әлеуметтік педагогика» оқулығында қарастырады. Әлеуметтік педагогтың дарынды, жетім балалармен жұмыстың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ашып көрсетеді және ересек адамдарға көмектесудің мазмұны, әдістері, формалары қарастырылған (Халитова, 2006)[10].

Қазақстан мен шет елдердің білім беру жүйесін салыстыра зерттеген үшінші топ

ғалымдарының қатарына Б.Т. Исаковтың «Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасындағы жалпы білім беру жүйесінің жағдайы және даму тенденциялары» атты зерттеуін жатқызуымызға болады. Ол отандық педагогика ғылымында мемлекеттің жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайға өту кезеңіндегі тұтас интеграцияланған орта білім беру жүйесін қарастыра келе, шетелдік озық тәжірибені қолдана отырып мектепті жетілдірудің қажеттігін негіздеп, мемлекеттік білім стандарттары базасында оның тиімді құрылымдық өзгертулерін ұсынып, оқушының жеке тұлғасын дамытудың тиімділігін арттыратын оқыту мен тәрбиенің технологияларын айқындап, Германияның жалпы білім беретін мектептердегі қайта құрудың осы уақыттағы жағдайы мен даму тенденцияларын жан-жақты талдап, қазақстандық жалпы білім беретін мектептердің әрі қарай дамуының бағыттарын ұсынады. Білім берудің орта буынына арналған заңдар бойынша және басқару мен қаржыландыру жөнінен салыстырмалы ғылыми-педагогикалық талдау жасалып, жалпы білім беретін мектептердегі оқыту мен тәрбиелеу процесінің құрамдас бөліктерінің салыстырмалы сипаттамасын ұсынады, мұғалімдердің кәсіби мамандығын жетілдіру мәселелері және Германия мен Қазақстанда жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларының тиімділігін арттырудың әлеуметтік-педагогикалық шарттарын айқындайды (Исаков, 2006). Қазақстан мен Жапон еліндегі орта білім беру жүйесін салыстырмалы түрде М.Т. Есееваның еңбегінде қарастырылады. Қазақстан мен Жапон мемлекетінің орта білім беру жүйесінің дамуы, мектептегі оқу-тәрбие үдерістерінің ерекшеліктері жан-жақты сипатталып, Жапон мемлекетінің орта білім беру жүйесінің жетілген, тиімді тұстарын елімізге пайдаланудың маңыздылығы баяндалып, оны ендірудің мүмкіндіктері анықталады. Американың педагогикасында тұлғаны әлеуметтендіру мәселесін зерттеген З.У. Кенесарина оның теориялық-әдіснамалық қырларын қарастыра отырып, әлеуметтендіру үдерісіндегі әлеуметтік жұмыстың орны туралы келелі пікірлер ұсынады.

Төртінші топ бойынша – А.Б. Қалиева өзінің «Ұлыбританияның жеке меншік мектептерінде элитаны тәрбиелеу» атты еңбегінде тұлғаны үйлесімді даму жағдайында тәрбиелеудің негізгі шарттары көрсетіліп, элитаның ұлттық

мәдениетін қалыптастыру тетіктері баяндалады да, «публік скул» мектебінде негізгі бағыт дәстүрге бағындырылғандығын атап өтеді. Қорыта келе, оның жетістіктерін Қазақстанда қолдану қажеттігін және оны енгізу жүйесін ұсынады. Г.Қ. Досанова әлемдік білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілеттілігімен танылған АҚШ-тың білім беру жүйесінің жалпы ерекшеліктерін, ондағы жетекші жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие жұмысын жүргізу үдерісін ұйымдастырудың негізгі ұстанымдарын, оқытушылар құрамына қойылатын талаптарды және ол мемлекеттегі білім беру жүйесіндегі артықшылықтарды сұрыптай отыра, оны Қазақстанның білім беру жүйесіне енгізудің ғылыми негізделген қорытындыларын зерделеді. С.Д. Муқанова, К. Устемиров сынды ғалымдарымыз Ұлыбританияның мектепке дейінгі, бастауыш, орта және кәсіби білім беру жүйесін сатылай кешенді сипаттап жазып, осы мәселеге ғылыми тұрғыдан шолу жасаған болатын. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің мазмұндық құрылымдық ерекшеліктерін айқындап берген. Жалпы әлеуметтік педагогиканың тұтас тарихын зерделеуге бетбұрып, оны алғашқы қауымдық құрылыс дәуірінен бастап, қазіргі заманғы қазақстандық әлеуметтік педагогтардың еңбектеріне дейін сабақтастырған Г.Ғ. Қабекенов шет елдегі білім беру жүйесіндегі әлеуметтік педагогиканың дамуына да шолу жасап, жүйелей түседі. АҚШ, Германия, Франция мен Канададағы әлеуметтік қызметкер және әлеуметтік педагог мамандарды даярлау ісіне талдаулар жасайды. Келесі кезекте әлеуметтік педагог үдерісін жалпы теориялық тұрғыдан анықтау мақсатында әлеуметтік педагогика ілімі, әлеуметтік қызмет, әлеуметтік іс-әрекет, әлеуметтік педагог мамандығына тоқталып өтпекпіз. Мәселенің өзектілігі әлеуметтік педагогиканың мәні мен оның дүниежүзінде алатын орнына байланысты. Әлеуметтік педагогика ғылымының басқа салалармен кірігуін ескере отырып, ең алдымен онымен байланысты ғылыми ұғымдардың байланысын анықтау керек. Зерттеулер көрсеткендей, ғылымда әлеуметтік педагогиканың білімінің бір саласы ретінде бөлінуі туралы пікірталастар бар. Осы орайда Р.Г. Гурова, Е.И. Макарова сынды ғалымдар «білім мен тәрбиенің барлық саласы қоғам өмірімен тығыз байланысты, сондықтан барлық педагогика әлеуметтік», – деп есептейді. П. Наторп «қоғам мен білім арасындағы қажетті қарым-қатынасты есте сақтау үшін «әлеуметтік педагогика» деген ұғымды қолданамыз», – деген

негіздеме жасаған. Индивидуалистік педагогика тек қана индивидпен және оны тәрбиелеу мен оқытуда жеке әсер етуші құрал ретінде есептелінуі мүмкін. Бірақ, жеке индивидті басқа индивидтің тәрбиеленуі қоғамдық өмір ықпал ететін үлкен бір тәрбиеге бағынуы керек. Индивидті тәрбиелеудің негізгі жағдайы қоғам өмірімен тығыз байланысты.

Осылайша, индивидуалистік педагог, әлеуметтік педагогикаға жүгінуіне тура келеді, өйткені соңғысының көмегімен ғана ол ғылыми әрі тәжірибелік тұрғыдан негіздеме жасай алады. Кеңістік дәуірдің соңғы кезеңінде әлеуметтік педагогика, алдымен жалпы педагогиканың қолданбалы бір саласы, кейін әлеуметтік жұмыс және қоршаған орта педагогикасы ретінде қарастырылса, соңғы жылдардағы әлеуметтік педагогика саласындағы жетекші мамандардың зерттеулерінде бұл әлеуметтік педагогикалық білімдердің біртұтас жүйелі және практикалық әрекетке негізделген ғылыми пән ретінде көрініс табуда. В.Г. Бочарова, Г.Н. Филонов, М.В. Фирсов сынды ғалымдар, бұл сала дәстүрлі педагогикаға қарсы шығуды немесе оны алмастыруды көздемейді, әлеметтенудің барлық сатыларында индивидтің түрлі әсерлерден болатын мәселелерін кешенді түрде шешу мен зерттеуге бағытталған ғылыми білімнің жаңа саласы болып табылады, – деген өз зерттеулерінде. Көптеген авторлар, жалпы алғанда педагогиканы адамдарды оқыту мен тәрбиелеу туралы ғылым деп түсіндіреді.

Жалпыдан жекеге өту қағидасы бойынша, педагогикалық парадигма шеңберінде әлеуметтік педагогиканы зерттеумен айналысатын ғалымдар, бұл ғылыми пәнге төмендегідей анықтамалар берген. «Әлеуметтік педагогика, – деп көрсетеді белгілі ғалым А.В. Мудрик, – әлеуметтену аясында әлеуметтік тәрбиені зерттейтін білім саласы» Ю.В. Василькова, Т.А. Василькова басқа авторларға сілтеме жасай отырып, «Әлеуметтік педагогика-мемлекеттік, муниципалдық, қоғамдық және жеке меншік мекемелердегі тәрбие мен білім беру ісін қарастырады» – деп есептейді (Мудрик, 2000; Васильковы,). Ал, М.А. Галагузова әлеуметтік педагогиканың нысаны мен пәнін өзі бөлініп шыққан педагогикамен салыстыра отырып анықтауға тырысқан. Оның пікірінше, педагогиканың зерттеу нысаны бала, ал зерттеу пәні – баланы тәрбиелеу мен білім берудің заңдылықтары болып табылса, әлеуметтік педагогиканың нысаны ретінде бала, ал зерттеу пәні – оның әлеуметтену заңдылықтары

болып табылады. Бұл анықтамалардан әлеуметтік педагогиканың дамуында педагогика ғылымы мен оның құрамдас бөлігі әлеуметтік педагогикаға ортақ қасиеттер мен байланыстарды қалыптастыратын педагогикалық парадигма басым рөл атқаратындығын көруге болады. Мәселен, Р.А. Литвак әлеуметтік педагогиканы әлеуметтік білім, әлеуметтік тәрбие, әлеуметтік психология арасын байланыстырушы, ал оның іс-әрекет нысаны адамдардың тіршілігі мен келер ұрпақтың тәрбиесі болып саналатын микро-орта – деп есептейді. Зерттеулер көрсеткендей, конфликті жағдайларда отбасы мен баланы қорғау жұмысымен арнайы айналысатын мамандар болмаған.

Ал, М.А. Галагузованың пікірінше, егер тәжірибелік іс-әрекеттің түрлерін қарастыратын болсақ, онда мұндай жұмыстар әрқашан болған. Соңғы жылдардағы әлеуметтік-педагогикалық зерттеулер, әлеуметтік педагогикада конфессионалдық аспектінің орын алатындығын көрсетіп отыр. Әлеуметтік-педагогикалық теорияларға, тұжырымдамаларға, парадигмаларға жасалған талдаулар, әлеуметтік педагогиканың әлемді идеялық тұрғыда түсінген теорияларында діни көзқарастар орын алған ғылыми мектебінің болғандығын дәлелдеп отыр. Осыған орай, тәрбие мен білімді тұлғаны әлеметтендіруге бағытталған құрал ретінде қарастырған әлеуметтік педагогика идеяларының шығу тегін тұжырымдамалар негізінде зерттеуге мүмкіндік беріп отыр. Бұл ғылыми бағыттың негізін қалаған, әлеуметтік педагогиканың дамуына айтарлықтай үлес қосқан неокантистік философиялық мектебінің өкілдері Г. Коген және П. Наторп сынды неміс ғалымдары. Әлеуметтік педагогиканың өз бетінше жеке ғылыми пән ретінде қалыптасуының басты көрінісі, қоғамның жаңа әлеуметтік тапсырыстарын орындай алуында. Өйткені, дәстүрлі педагогиканың мүмкіндіктері шектеулі еді. Әлеуметтік-педагогикалық жүйенің іс-әрекет барысындағы даму динамикасы, әлеуметтік педагогиканың негізгі парадигмаларын анықтауға мүмкіндік береді. Сондықтан, әлеуметтік педагогиканы, педагогиканың жеке саласы ретінде қарастыруға толық негіз бар, – дейді ғалымдар.

Дискуссия

Тарихи талдаулар – әлеуметтік педагогика саласының адамдардың тәжірибелік іс-әрекеті мен санасында бүтіндей өзгерістер енгізу арқылы

қоғамтану, сондай-ақ барлық гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық пәндердің құрылымына ғылыми төңкеріс жасағандығын көрсетіп отыр. Әлеуметтік педагогиканың жеке сала екендігіне, әлеуметтік-педагогикалық білімнің қажеттігі мен даму қарқыны да дәлел бола алады. Бұған қоса, әлеуметтік педагогика мен әлеуметтік жұмыс педагогикасының бөлінуіне назар аударайық. Әлеуметтік педагогика мен әлеуметтік жұмыс педагогикасы синоним сөздер деген пікірлерді ғылыми бағылымдардан жиі кездестіруге болады. Мысалы, бір топ ғалымдар Г.Н. Филонованың жетекшілігімен ғылыми білімнің саралану тенденциясына талдау жасай отырып, «әлеуметтік педагогика ескі мен жаңаның арасындағы шекарада орналасқан, ол ғылыми білімнің барлығы мойындаған бір саласы әлеуметтік жұмыс педагогикасы болып табылады» – деген теріс пікір қалыптасады. Мұндай жағдай, зерттеу саласы мен оның практикалық іс-әрекетінің өзгеруіне әкеліп соғады. Бұл жөнінде В.В. Краевский былай деп тұжырымдады: «Әлеуметтік педагогика әлеуметтік жұмыстың педагогикалық емес қызметінің педагогикалық аспектілерін қарастырады». Ал, Н.М. Таланчук әлеуметтік жұмысты-жеке, әлеуметтік, белгілі бір жағдайдағы қиыншылықтардан шығу және олармен күресу немесе жеңу үшін көмектесу, қорғау, түзету, реабилитация арқылы адамдарға, мекемелерге көмек беретін кәсіби іс-әрекет ретінде қарастырады. Жалпы педагогика ғылымы мен әлеуметтік педагогиканың әдіснамасын байланыста қолдану, әлеуметтік педагогиканы оның салаларының бірі ретіндегі орнын анықтау болды. Аталған парадигмалық білімнің қалыптасуына тікелей себепші болған анология, яғни жалпы педагогиканың байланыстары мен қасиеттерін педагогика ғылымының бөлшектеріне тасымалдау, бұл жерде «адамның ортада өмір сүруі мәселесін зерттейтін, білімнің гуманистік саласы – әлеуметтік педагогикаға» қатысты қарастырылады. Бұл жерде әлеуметтік педагогиканы орта педагогикасымен байланыстыра қарастыру орын алып отыр. Әлеуметтік педагогика әлеуметтенумен, әлеуметтік жұмыс арқылы тығыз байланысады, бұл өз кезегінде әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік педагогиканың өзара байланысы туралы толық негіз жасайды, бірақ бұдан әлеуметтік педагогиканың мәселелерін тек әлеуметтік жұмыс мәселесінен іздеу қажет деген ой тумаса керек, ол әлеуметтік іс-әрекетке де қатысты. Осыдан әлеуметтік іс-әрекеттің педагогикалық тұрғыдан ашып

көрсету қажеттігі туындайды. Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің мәні жағынан өзі бөлініп шыққан педагогикалық іс-әрекетке өте жақын деп есептейміз, алайда оның өзіндік ерекшеліктері бар екендігін де ұмытпауымыз керек.

Әлеуметтік-педагогикалық және педагогикалық іс-әрекеттерді салыстыра отырып, М.А. Галагузова отбасы мен мектепте баланың дамуы мен тәрбиесін толық деген қажеттілік пайда болады, – дейді (Галагузова, 2017). Барлық балаларға бағытталған педагогикалық іс-әрекеттен, әлеуметтік педагогикалық іс-әрекеттің айырмашылығы, арнайы ерекшеліктерін есепке ала отырып, оған өз мәселелерін өз бетінше шешуге көмектесуге бағытталған. Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет мәселенің шешілу мерзіміне орай шектеулі, локальды. Р.В. Овчарованың көзқарасы бойынша, әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет дегеніміз – балалар мен жасөспірімдерді белгілі бір микросоциумда табысты бейімделуге, даралануға бағытталған әлеуметтік тәрбиелеу бойынша бірізді жұмыс. Қазақстандық ғалым С.С. Досанова әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет тәрбиелік сипаттағы тәрбиелік шаралар жүйесі; социумдағы қатынастарды гуманитарландыруға бағытталған педагогикалық және әлеуметтік әрекеттер, жаһандық білім қағидалары негізінде қоршаған ортаны өзгерту мен сауықтыру; мектеп оқушысының адамгершілік, психикалық, интеллектуалдық және әлеуметтік тұрғыдан дамуына көмектесу; адамның өмірлік мәні бар қажеттіліктерін қанағаттандыру мен оның әлеуметтік мәселелерін шешу, – деп түсіндіреді. Л.И. Олиференко балаларға әлеуметтік көмек көрсетуге арналған кез келген іс-әрекетті, әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет деп есептейді. Осындай көзқарастар Л.А. Беляева, М.А. Беляева еңбектерінен де кездестіруге болады (Беляева, 1998). Олар, әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің нысаны барлық адамдар емес, тек оның кейбір категориялары, ал іс-әрекеті оқу-тәрбие мекемелерінің шеңберінде ғана емес, одан да кең әлеуметтік ауқымда, әлеуметтік ортада, социумда жүзеге асырылады, – дейді. Зерттеуші Л.С. Нагавкина әлеуметтік педагог іс-әрекеттің пәнін анықтай отырып, оны екіжақты үдеріс ретінде қарастырған, баланың әлеуметтік өмірдің субъектісі ретінде қалыптастыру үдерісі және педагогикалық арнайы ортаны құру үдерісі (Нагавкина, 2002). Сонымен бірге, объектісі – нақты өмірлік қиын жағдайлар, ал мақсаты – жоғарыда аталған екі

жақты үдерістің табысты дамуына жағдай жауау. Белгілі ғалым М.А. Галагузова әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің мәнін – бір жағынан тұлғаның дамуы, екінші жағынан педагогикалық орта негізінде жүзеге асырылатын социомәдени бейімделу мен өз мүмкіндіктерін көрсетуде адамдардың, топтардың, ортаның қарым-қатынасын үйлестіру әдісі деп көрсетеді. Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет нысанының мәселелері көп жағдайда ішкі және сыртқы аспектілерден тұрады. Бұл жөнінде ол төмендегідей пікір білдірген: әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет екі құрамдас бөліктен тұрады: тікелей балалармен жұмыс және баланың әлеуметтік мәдени қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін қоршаған ортамен қарым-қатынасында делдал қызметін атқарады.

Әлеуметтік педагогиканың парадигмаға дейінгі кезеңнен парадигмалық білімнің қалыптасуы кезеңіне дейінгі бүгінгі дамуын есепке ала отырып, әлеуметтік педагогтың зерттеушілік, жоғары әдіснамалық мәдениетінің қалыптасуы, олардың түрлі әлеуметтік жүйелерде, мамандардың тәжірибелік іс-әрекетінде жүргізілетін әлеуметтік педагогикалық үдерістерді дәл көрсете білуіне ықпал етеді – деп болжауға болады. Түрлі идеялардың даму барысында адамдардың өмір сүру сапасын арттыру мен қоғамдық қатынастарын жақсартуға бағытталған бірыңғай кіріктірілген, біртұтастық тұжырымдамасын құру үшін бағдарланған әлеуметтік педагогиканың даму теориясының жалпы бағыттары белгілі болады деп есептеуге болады.

Қоғамды жаңартудың стратегиялық жаңа бағыттары білім беру ісінің ролін айтарлықтай өзгертті, экономика, саясаттану, мәдениет сынды салалардың дамуында ғылым мен білімнің үлес салмағын жоғарылатты. Осы орайда мемлекеттің, қоғамның, әрбір адам мен отбасының тапсырмасын орындай отырып, әлеуметтік тәжірибеге белсенді ықпал етуге тиісті әлеуметтік педагогиканың мәні, қызмет ету аймағы, міндеті кеңейді, әрі сапалы тұрғыдан өзгерді. А.И. Арнольдov әлеуметтік педагогика пәнін қоғамның маңызды бөлігі ретінде адамның алатын орнынан, соны талдаудан тұрады деп қарастырады. Автор, әлеуметтік педагогика адамның ең алдымен, рухани байлық, адамгершілік, гуманизм сынды әлеуметтік сапалар жүйесін қарастыруға жаратылғанына сенімді. Бұл сапалар өмірлік іс-әрекеттердің түрлі салаларында көрініс береді. Солай бола тұрып, автор адамның рухани дүниесінің құрамдас бөлігі білімділік,

мәдениеттілік, сенімділік, гуманистік қасиеттер дейді. Айта кету керек, бұл пікірлер дүние жүзі бойынша әлеуметтік педагогика тек әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған топ өкілдерімен ғана емес, барлық халықпен байланысты деген тұжырыммен сәйкес келеді.

«Әлеуметтік педагогика» деп аталатын профессор В.Г. Бочарованың редакциясымен жазылған монографияда әлеуметтік педагогиканың пәні мен нысаны және әлеуметтік-педагогикалық теорияның төменде көрсетілгендей міндеттері бойынша көп жылдар бойы пікірталас тудырған мәселелерге қорытынды жасалған. Ол міндеттер (Бочарова, 2004):

– белгілі бір тұлғалық – орталық жағдайларға орай, әлеуметтік тәжірибенің барлық салаларында тиімді шешім қабылдау біліктілігін қалыптастыруға ықпал ету;

– жеке адамның, отбасының және топтың қызығушылығын есепке ала отырып, адамды белсендендіру мүмкіндіктерінің тетіктерін құрастыру;

– жеке адамның өмір сүру сапасын арттыру, оның қызығушылықтарын қанағаттандыру және тұлғаның рухани болмысын қорғау мақсатында отбасының, басқа да әлеуметтік институттардың, шағын ортаның, социумның мүмкіндіктерін толыққанды пайдалану.

Қазақстанда әлеуметтік педагогиканың қалыптасуы және даму кезеңінде әлеуметтік педагогиканың қызмет аймағының өзгеруі «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының өкілі ретінде әлеуметтік педагогтың қызметтік міндетін өзгертуге себепші болды. Әлеуметтік педагог үшін іс-әрекет объектісі педагогикалық үдеріс болып табылады. Оның барлық сипаты кәсіби іс-әрекеттің теориялық негізін құрайды. Әлеуметтік-педагогикалық тәжірибенің дамуы барысында маманның социумның күшін қажет ететін өмірлік қиын жағдайларда балаларға көмек көрсететін делдалдық қызметіне көбірек көңіл бөлінеді. Бүгін көптеген ғалымдар, әлеуметтік педагогтың кәсіби іс-әрекеті ең алдымен әлеуметтік қатынастарды жақсартуға бағытталуы керек деп есептейді.

Қазақстандық зерттеуші К.Г. Какен педагогикалық үдеріс тұлғаны әлеуметтендіру қызметін атқарады, сондықтан оның түрлері оқу-тәрбие мекемелерінің шеңберінде ғана емес, адам мен адамның барлық қарым-қатынасында орын алатындығы туралы пікір өте орынды деп есептейді. Қарым-қатынас және өзара әрекет барысында іс-әрекетпен алмасу, әлеуметтік

тәжірибенің бір ұрпақтан, екінші ұрпаққа берілуі жүреді, сондықтан әлеуметтендірудің түрлі институттарын педагогикалық үдерістің түрі ретінде қарастыруы керек. Әлеуметтік педагогикалық іс-әрекет көп пәнді, көп қырлы, көп қызметті және қоғамның түрлі салаларына бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда балалар мен олардың айналасындағы үлкендер арасындағы қоғамдық, тұлғааралық қарым-қатынасты гуманитарландырудың негізгі құралы – тұлғаны әлеуметтендіру үдерісіне өзінің ықпалын тигізетін микро- және макроорта факторы, белгілі бір мекемелер мен субъектілердің арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастары бар, яғни тәрбиенің барлық салаларын қамтитын әлеуметтік тәрбие болып табылады. Отандық әлеуметтік педагогтер өздерінің әлеуметтік педагогикалық іс-әрекетінде балалар мен үлкендердің, отбасы мен мемлекеттік қызметтердің, ұйымдардың, мекемелердің арасын байланыстыратын делдал болудан бастап, заңды құқықтарды қорғау, шиеленістерді шешуге дейінгі түрлі әлеуметтік рөлдерді атқарады. Әлеуметтік педагогтың негізгі қызметіне баланы әлеуметтік тұрғыдан қорғау, оған әлеуметтік көмек көрсету, білім алуын, қоғамға бейімделуін ұйымдастыру жатады. Солай бола тұра, оқушы тұлғасы әлеуметтік педагогикалық іс-әрекеттің субъектісі болып есептеледі.

Әлеуметтік педагогтың кәсіби іс-әрекетінің мазмұны негізінде Л.С. Нагавкина, О.К. Крокинский жалпы білім беретін мекемелердегі әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің профилактикалық, қорғаушылық, ұйымдастырушылық сынды негізгі қызметтерін анықтады. Аталған қызметтерді анықтай отырып, М.А. Галагузова, Ю.Н. Галагузова диагностикалық, делдалдық, профилактикалық, қорғаушылық, түзетушілік, реабилитациялық деп аталатын түрлерін бөліп көрсетті. Әлеуметтік жұмыстың тұжырымдамасына қатысты түрлі тұғырнамаларды зерттей отырып, Л.Т. Қожамқұлова оны клиенттердің психологиялық, экономикалық, әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған қызмет ретінде және адамдардың әлеуметтік тұрғыдан әрекет ету қабілетін қалпына келтіру мен жақсарту үшін жағдай жасау деп қарастырады (Қожамқұлова, 2003). Әлеуметтік педагогиканың мәні мен әлеуметтік сала маманының әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетінің ерекшелігін ашып көрсету, осы қызметтің болашақ мамандарын даярлауда маңызды роль атқарады. Әлеуметтік

жұмыс – көп пәнді мамандық. Бұлай дейгініміз, әлеуметтік қызметкер өз клиентіне көмек көрсету мақсатында социологтар, дәрігерлер, педагог, психолог, полиция қызметкерлері сынды басқа мамандық иелерімен ынтымақтастық орнатады. Әлеуметтік қызметкер, кәсіби базалық даярлығына байланысты, өзі де жоғарыда аталған мамандықтардың негізі бойынша білімі мен дағдылары бар жан-жақты маман болып табылады. Көріп отырғанымыздай, әлеуметтік педагогикалық іс-әрекеттің көп бағыттылығы, бүгінгі таңда әлеуметтік қызметкерлерді даярлау мәселесін байыпты әрі терең зерттеуді талап етеді. Бұл өз кезегінде еліміздегі әлеуметтік қызметкерлерді даярлауды жүзеге асырудың теориялық әдіснамалық негізін, мәнін, құрылымы мен мазмұнын терең талдауды қажет ететіндігін көрсетті. Әлеуметтік сала маманы – әртүрлі әлеуметтік мәдени орталардағы балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастыратын маман; жеке тұлға мен оны қоршаған микроортаның психологиялық педагогикалық ерекшеліктерін зерттейді, оқушылар мен тәрбиеленушілердің қызығушылықтары мен мұқтаждықтарын, мінез-құлқындағы ауытқушылықтарды, шиеленісті жағдайларды анықтайды және уақытылы көмек, әрі қолдау көрсетеді, жеке тұлға мен білім беру мекемесінің, отбасының, ортаның, билік органдарының арасында делдал ретінде әрекет етеді; оқушылардың құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуына, ыңғайлы және қауіпсіз жағдайды құруға, олардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуге, жалпыға білім берудің орындалуына, салауатты өмір салтын насихаттауға көмектеседі; балалардың таланттарын дамыту үшін жағдайлар жасайды. Астанадағы мектептерде зорлық-зомбылықтан аман қалған студенттердің өзін-өзі бағалау деңгейін өлшеу үшін пилоттық зерттеу жүргізілді. Эксперимент мақсаты – мектептердегі зорлық-зомбылықты болдырмау әдістерін жетілдіру, зорлық-зомбылықтан аман қалған оқушылар арасында өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау. Зерттеулер жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықты болдырмау әдістерін зерделеу және жетілдіру қажеттігін растайды. Әлеуметтік қызметкер қақтығыс жағдайларын шешу жолында ата-аналардың күш-жігерін біріктіріп, жасөспірімнің жеке ерекшеліктерін ескеріп, оң психологиялық жайлылықты сақтауы керек (Абдугалина С.Е., Шайхеслямова, 2018). [12] Кез келген саланың әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігіне жоғары

талаптар қойылады. Ол тек педагогикалық тұрғыдан әрекет етіп қоймай, сонымен қатар түрлі жағдайларға байланысты әлеуметтік әрекеттердің басқа да түрлерін меңгеруі керек. Педагогикалық құзыреттілікпен қатар ғылыми әдебиетте саяси, әкімшілік, медициналық және экономикалық құзыреттіліктер аталады.

Қазақстанда әлеуметтік педагогиканы зерттеуші І.Р. Халитова: «Демек, жалпы оқыту және тәрбиелеу ісімен шұғылданатын арнайы білімі бар адамдарды «педагог маман» десек, соның ішінде күйзеліске ұшыраған балалар ісімен шұғылдануды кәсіп қылған тұлғаны «әлеуметтік педагог» деп атайды», – деп анықтай отыра, оның жұмыс мазмұны, қызметтері мен міндеттерін де сараласа, әлеуметтік-заңдық сөздіктерде: «Әлеуметтік педагог – делдал, жеке тұлға, отбасы және қоршаған орта арасындағы, осы ортаның педагогикалық тұрғыдан мақсатқа сай қайта құрылуына ықпал ететін байланыстырушы буын» екендігін тиянақтай түседі (Халитова, 2006). Әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби әрекеттері мына мақсаттарды көздейді: мәселелер мен олардың себептерін анықтау; мәселелердің пайда болуын алдын алу; қызметкерлерге білім беріп тәрбиелеу қиыншылықтармен, соның ішінде жеке және әлеуметтік себептер бар қиыншылықтар мен күрес; оң қоғамдық жағдайларды құру, оң қоғамдық жағдайларды құруға қатысу; жеке, материалдық көмектер ұйымдастыру, білімге деген қабілеттерді зерттеу және қоғамдық өмірге қатысуға, әлеуметтік құқықтарды дұрыс қабылдауға дайындау, бағыт-бағдар алуға, жауапкершілікке, өзін-өзі сыйлауға және сабырлыққа дайындау; шығармашылық пен өнімділікті дамыту. Әлеуметтік педагогтердің клиенттері негізінен балалар мен жасөспірімдер болып табылады. Әлеуметтік қызметкерлер тұрғындардың түрлі топтарымен жұмыс істейді.

Әлеуметтік педагогтер қоғамымыздың ушығып жатқан мәселелерін бірге шешуге талпынып, қатар жұмыс істейді. Әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби қызметіндегі басты мақсат – адамның, жеке тұлғаның, отбасының әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қорғау. Әлеуметтік сала мамандарының мамандығы

бірқатар мамандандырылуларды қамтиды: қызметтің саласы бойынша балалардың бірлестіктері мен ұйымдарының әлеуметтік педагог басшысы; әлеуметтік педагог эколог; әлеуметтік педагог валеолог; әлеуметтік педагог тәрбиеші; жұмыс пен отбасы жөніндегі әлеуметтік педагог және т.б. мамандандырудың негізі ретінде тұрғындардың жекелеген категориясы болуы мүмкін. Өз тәжірибесінде этно-педагогикалық полиэтникалық ортаның ерекшеліктерін мақсатты түрде қолдануы баланың бойында өз ұлтына деген сүйіспеншілік пен өзге ұлттың өкілдеріне деген сыйластықты қалыптастырып, ұлтаралық татулықты дамытуға мүмкіндік берері анық.

Қорытынды

Әлеуметтік қызметкер маманының қызметін және ол жөніндегі түсініктер мен көзқарастарды сараптай келе, «әлеуметтік қызметкер – қоғамдағы әлеуметтік – психологиялық көмекке мұқтаж субъектілердің құқын қорғаушы, микро-макро-мезоорта арасындағы қарым-қатынасты үйлестіруші аралық делдал кәсіби маман», – деп біз анықтаманы ұсынамыз. Бүгінгі таңда қоғамда түбірлі жаңарулар жүргізіліп жатумен байланысты әлеуметтік педагогиканың тәжірибесінің қажеттілігі мен адамдық қордың маңыздылығының артуына орай әлеуметтік педагогиканы қоғамдық қатынастардың педагогикасы ретінде түсіну қабылдануда. Әлеуметтік педагогиканың қоғамдастықтың экономикалық, саяси, рухани-адамгершілік және кәсіби білім берудің барлық салаларының дамуына өзіндік үлесін қосып жатқанын көрсетеді. Білім саласында жаңа үдерістерді енгізу педагогтың еңбегінсіз жүзеге аспайтыны белгілі. Осыған орай педагог жаңа әлеуметтік-экономикалық ахуал жағдайында табысты түрде еңбек етумен қатар, қоғам мүшелерінің интеллектуалдық және мәдени деңгейін көтерумен де айналысады. Бұл ретте маманның кәсіби тұрғыдағы жетіктігінің маңызды шарттарының бірі оның әлеуметтік-педагогикалық іскерлігі болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Кенесарина З.У. Теория и практика социализации школьников в США: автореферат диссертации. – Алматы, 2000. – 47 с.
- 2 Sandiford P. et al. Comparative education: Studies of the educational systems of six modern nations. – JM Dent, 1929.

- 3 Kandel I. L. Comparative education. – Greenwood Press, 1970.
- 4 Bereday G.Z.F. Comparative Mehtod in Education
- 5 Bereday G. Z. F. Comparative method in education. – Holt, Rinehart and Winston, 1964.
- 6 Құсайынов А.Қ., Есеева М.Т Салыстырмалы педагогика әдіснамасы мен әдістері: оқу құралы. – Алматы: Rond, 2008. 96 59-60.
- 7 Қожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1995. – 317 с.
- 8 Досанова С.С. Теоретико-методологические основы подготовки будущего учителя к социально-педагогической работе: дисс. на соиск. ученой степени д.п.н. – Туркестан, 2006. – 271 с.
- 9 Колумбаева Ш.Ж. Особенности подготовки социального педагога к работе с трудными подростками. – Алматы, 2000. – 158 с.
- 10 Бурганова Р.И. Научные основы подготовки будущих социальных педагогов к работе со студенческой молодежью в сфере культурного досуга: диссертация на соискание ученой степени к.п.н. – Алматы, 2001. – 156 с.
- 11 Халитова І.Р. Әлеуметтік педагогика: оқу құралы. – Алматы: ҚазМПИ, 2006. – 294 бет. – 28 б.
- 12 Кумаржанова К.М. Социально-педагогическая работа с семьей ребенка, имеющего ограниченные возможности. – Алматы, 2003. – 139 с.
- 13 Социальная работа как социальный институт: мировой опыт и Казахстан. – Алматы, 2003. – 52 с. – С. 20-21.
- 14 Искаков Б.Т. Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасындағы жалпы білім беру жүйесінің жағдайы және даму тенденциялары: салыстырмалы-педагогикалық талдау [Текст]: автореферат. – Алматы: Қазақстан Республикасы, 2006. – 24 б.
- 15 Мудрик А.В. Социальная педагогика. – М., 2000.
- 16 Василькова Т.А., Василькова Ю.В. Социальная педагогика. – М.: КноРус, 2010.
- 17 Галагузова М., Галагузова Ю., Штинова Г. Социальная педагогика: учебник для вузов. – Litres, 2017.
- 18 Беляева Л.А., Беляева М.А. Категории «социальная работа» и «социально-педагогическая деятельность» в их взаимосвязи // Понятийный аппарат педагогики и образования: сб. науч. тр. / отв. ред. М.А. Галагузова. – 1998. – №. 3. – С. 185-196.
- 19 Нагавкина Л.С., Крокинская О.К., Косабуцкая С.А. Социальный педагог. – 2002.
- 20 Кожамкулова Л.Т. Социальная работа как социальный институт: мировой опыт и Казахстан: автореф. дисс... док. социолог. наук. – Алматы, 2003.
- 21 Бочарова В.Г. Социальная педагогика: монография. – М.: ВЛАДОС, 2004.
- 22 Абдугалина С.Е., Шайхеслямова К.О. Жүйелі-құрылымдылық тәсіл негізінде мүмкіндігі шектеулі адамдармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2018. – № 4(60).

References

- 1 Kenesarin Z.U. Teoriya i praktika sotsializatsii shkol'nikov v SSHA: avtoreferat dissertatsii [Theory and practice of socialization of schoolchildren in the USA: dissertation author's abstract]. Almaty, 2000. 47. (In Russian)
- 2 Sandiford, P., Hope, A. H., Foght, H. W., Kandel, I. L., & Russell, W. F. (1929). Comparative education: Studies of the educational systems of six modern nations. JM Dent.
- 3 Kandel, I. L. (1970). Comparative education. Greenwood Press.
- 4 Bereday, G. Z. (1964). Comparative method in education. Holt, Rinehart and Winston.
- 5 Kusainov, A. Esseeva, M. (2008). Salystyrmaly pedagogy: Adisnamasy men disteri [Methodology and methods of comparative pedagogics]: Оқу құралы [Textbook]. Almaty: Rond 2008. 96 59-60. (In Kazakh)
- 6 Kozhakhmetova, K.Zh. (1995). Kazakhskaya etnopedagogika: metodologiya, teoriya, praktika [Kazakh ethnopedagogy: methodology, theory, practice]. Almaty, Flym, 1995. – 317 p. (In Russian)
- 7 Dosanova, S.S. (2006). Teoretiko-metogeologicheskiye osnovy podgotovki budushchego uchitelya k sotsial'no-pedagogicheskoy rabote. [Theoretical and metogeological foundations of preparing the future teacher for social and pedagogical work]. Diss.na soisk.uchenoy stepeni dok.ped.nauk [Dissertation of the degree of research doc.ped.nauk]. Turkestan, 271 pp.
- 8 Kolumbayeva, S.Zh. (2000). Osobennosti podgotovki sotsial'nogo pedagoga k rabote s trudnymi podrostkami [Features of the preparation of a social teacher to work with difficult teenagers]. Almaty 2000, 158 p. (In Russian)
- 9 Burganova, R.I. (2001) Nauchnyye osnovy podgotovki budushchikh sotsial'nykh pedagogov k rabote so studencheskoy molodezh'yu v sfere kul'turnogo dosuga [The scientific basis for the preparation of future social teachers to work with students in the field of cultural leisure]. Dissertatsiya na soiskaniye uchenoy stepeni kand.ped.nauk [Thesis for the degree of Cand.Ped.Science]. Almaty, 2001. 156 p. (In Russian)
- 10 Khalitova, I.P. (2006). Alewmettik pedagogika [Social pedagogy]. Oqu quraly [Tutorial]. Almaty, Kazakh Girl Institute, 294.
- 11 Kumarzhanova, K.M. (2003). Sotsial'no-pedagogicheskaya rabota s sem'yey rebenka, imeyushchego ogranichennyye vozmozhnosti [Socio-pedagogical work with the family of a child with limited capabilities]. Almaty, 139 p.

- 12 Iskakov, B.T. (2006). Kazakstan Respubliki men Germany Federativtik Respublikassyndagy galpy bilim beru zhuesinin zhagdayy zhane damu tendenciylary (salystrmaly-pedagogicaly taldaу): avtoreferat dis. [Status and development trends of the general education system in the Republic of Kazakhstan and the Federal Republic of Germany: (comparative-pedagogical analysis): dissertation abstract]. Almaty, 24 p.
- 13 Mudrik, A.V. (2000). Sotsial'naya pedagogika [Social Pedagogy]. Moscow.
- 14 Vasilkova, T. A., Vasilkova, Yu. V. (2010). Sotsial'naya pedagogika [Social Pedagogy]. Moscow, KnoRus.
- 15 Galaguzova, M., Galaguzova, Y., Shtinova, G. (2017). Sotsial'naya pedagogika : uchebnik dlya vuzov [Social pedagogy: a textbook for universities]. Moscow, Liters.
- 16 Belyaeva, L. A., Belyaeva, M. A. (1998). Kategorii «sotsial'naya rabota» i «sotsial'no-pedagogicheskaya deyatel'nost'» v ikh vzaimosvyazi [Categories “social work” and “social-pedagogical activity” in their interrelation]. Ponyatiynnyy apparat pedagogiki i obrazovaniya: sb. nauch. tr. [Conceptual apparatus of pedagogy and education: Coll. scientific articles. # 3. P. 185-196.
- 17 Nagavkina, L.S., Krokinskaya, O.K., Kosabutskaya, S.A. (2002). Social Teacher.
- 18 Kozhamkulova, L.T. (2003). Sotsial'naya rabota kak sotsial'nyy institut: mirovoy opyt i Kazakhstan [Social work as a social institution: world experience and Kazakhstan]: Avtoref. diss... dok. sotsiolog. nauk [Author's abstract. Diss ... Doc. sociologist. Sciences]. Almaty.
- 19 Bocharova, V.G. (2004). Sotsial'naya pedagogika: monografiya [Social pedagogy: monograph]. Moscow, VLADOS.
- 20 Abdugalina, S.E., Shaikheslyamova, K.O. (2018). Juyeli-qurylymdylyk tasil negizinde mumkindigi shekteuli adamdar-men aleumettyk*pedagogicalyк zhymys [Socio-pedagogical work with people with disabilities on the basis of system-structured approach]. Abay atyndagy KazUPU Habarshisy. «Pedagogika gylymdarı » seriyası [Abai KazNPU Messenger. Pedagogical science series]. #4(60)